



№ 8 (1561)
3 наурыз
2015 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

Ғалым МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры

*Құрметті ҚазҰУ арқалары мен
аяулы аналар!*

*Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық,
әйелдер мерекесімен шын жүректен
құттықтаймын!*

Осы бір тамаша көктем мерекесі әйел затына тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісіндей. Табиғаттың оянуы осынау шуақты мерекеден бастау алатыны да тегін болмаса керек. Ана – дүниедегі ең қымбат, ең қасиетті ұғым. Ұлт тәрбиесінде, тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуінде, ғылым-білімде аналар мен аруларымыздың үлесі зор.

Қара шаңырақ ҚазҰУ-да да ұрпақ тәрбиесімен, болашақ маман даярлаумен айналысуда ұстаз аналарымыздың орны ерекше. Олардың ұжым бірлігін арттыруда, мәдениетін қалыптастыруда, қызмет сапасын көтерудегі еңбектері ұшан-теңіз.

Әсемдік пен нәзіктік атаулыны бойына жинаған студент қыздарымыз бен қадірлі ұстаздарымызды және отбасының ұйытқысы болып қана қоймай, мемлекеттік қызметке, саясатқа және қоғамның тағы басқа салаларына белсене араласып, абыроймен қызмет етіп жүрген барша әйелдер қауымын осы ғажайып мерекемен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, қызметте табыс тілеймін!



ЗА МИР И БЕЗОПАСНОСТЬ НА ПЛАНЕТЕ!



В КазНУ состоялась научно-практическая конференция «При сильной ООН мир становится лучше», посвященная 70-летию Организации Объединенных Наций, под знаком приверженности ООН миру, развитию и безопасности.

Мероприятие было организовано при поддержке Министерства образования и науки, Министерства иностранных дел и Представительства ООН в Казахстане.

Работу конференции открыл ректор университета Г.Мутанов, поприветствовав официальных гостей, профессорско-преподавательский состав и студентов КазНУ. «Для меня большая честь открыть серию мероприятий, посвященных празднованию 70-летия ООН и 23-й годовщине вступления Республики Казахстан в ООН. Дата проведения конференции – 2 марта, была выбрана не случайно. Именно в этот день, 70 лет назад, была создана Организация Объединенных Наций. Сотрудничая с учреждениями ООН в Казахстане и активно участвуя в их программах, КазНУ сегодня усиливает свою роль в устойчивом развитии и безопасности страны, и, тем самым, задает тон другим вузам в этом направлении», – сказал Галым Мутанов.

В работе конференции приняли участие директор кластерного бюро ЮНЕСКО в г.Алматы С.Лазарев, Генеральный консул США в РК Т.Гренчик, Генеральный консул КНР в г.Алматы Ч.Вэй, советник консульства РФ в г.Алматы Т.Мунчаев, Чрезвычайный и Полномочный

Посол РК в ООН А.Арыстанбекова и другие высокие гости.

В своем выступлении С.Лазарев отметил Казахстан, как активного участника всех программ и проектов ООН и ЮНЕСКО. «Казахстан вносит огромный вклад в развитие деятельности ООН в среднеазиатском регионе. Ваша страна поддерживает различные конференции, форумы и семинары ООН и ЮНЕСКО. КазНУ также помогает нести идеи ООН в общество. Студенты университета организуют молодежные дебаты «ООН – это мы!», на которых обсуждаются основные концепции организации, такие как: международное сотрудничество, права человека, свобода слова и экология в мире», – подчеркнул Сергей Лазарев.

Научно-практическая конференция провела свою работу в четырех секциях: «Поддержание мира и безопасности на планете», «Устойчивое развитие и повестка дня Post-2015», «Обеспечение прав человека и культурно-гуманитарное сотрудничество», «Сотрудничество Казахстана и ООН».

Руслан АБРАЕВ

АЙНАЛАҢДЫ НҰРЛАҢДЫР!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті «Айналаңды нұрландыр!» жобасына байланысты алғаш рет университеттің тілдік кафедралары арасында жалпыуниверситеттік байқау жариялады.

Жалғасы 3-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ
КӨШУ МӘСЕЛЕСІ
ТАЛҚЫЛАНДЫ



2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

НАР ТҰЛҒАЛЫ
ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ



5-бет

БҮГІНГІ САНДА:

МОЛОДЕЦ,
ДЕМЕЖАН!



8-стр.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Тарих, археология және этнология факультетінде археология, этнология және музеология кафедрасының ұйымдастыруымен «Түркі жазуы және латын әліпбиі: өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.



Шарада түркі жазуы, түркі елдеріне ортақ жазу мен әліпби қолданудың өзекті мәселелері, сондай-ақ тарих, археология, этнология ғылымы саласындағы кәсіптік лексика, терминология мәселелері талқыланды. Елбасы Н. Назарбаев казакстандық БАҚ-қа берген сұхбатында дүниежүзі елдерінің 80%-ы латын қарпін қолданатындығын айтқан болатын. Оның ішінде Солтүстік, Оңтүстік Америка, Жерорта теңізі мен Ақ теңіздің төңірегінде тұратын халықтар, Африка, Тынық мұхиты аймағындағы мемлекеттердің барлығы бар. Латын әліпбиі үш мың жылға жуық уақыттан бері, яғни біздің жыл санауымыздан 800 жыл бұрыннан келе жатыр.

Түркі мемлекеттерінің ортақ жазуы мәселесі басты тақырыпқа айналған басқосуда А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері ф.ғ.д., профессор – Әлімхан Жүнісбек; А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері ф.ғ.д., профессор – Нұргелді Уәли; А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері ф.ғ.д. – Ғарифолла Әнес;

А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары ф.ғ.к., доцент – Фазылжанова Анар; С. Демирел атындағы университеттің қазақ филологиясы кафедрасының доценті, ф.ғ.д. – Құралай Күдерінова Қазақстанның латын әліпбиіне көшуі мәселесі төңірегінде жүргізіп жатқан іс-шараларды сараптады. Сондай-ақ, тарих, этнография, археология саласындағы терминология, кәсіптік лексикадағы, ғылыми тілдегі орфографиялық қиындықтар туралы пікірлерін ортаға салды.

Ал Хажетепе университетінің профессоры – Мехмет Дервиш Клычкая Түркия мемлекетінің латын әліпбиіне өту тәжірибесі туралы баяндама жасап, түркі елдері арасындағы ғылыми тілдің

ортақтығы мәселесі туралы пікірін ортаға салды.

Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері филология ғылымдарының кандидаты, доцент Нәпіл Базылхан және филология ғылымдарының кандидаты, доцент Аманқос Мектептегі көне түркі жазу ескерткіштеріндегі жазу құпияларының ғылыми айналымға енуі мәселелері туралы ой қозғады.

Сондай-ақ, дөңгелек үстелде археологиялық ескерткіштердегі түркі жазуын оқып, ғылыми айналымға ендіру мәселелері талқыланды.

**М.Ш. ЭГАМБЕРДИЕВ,
Т.Е. КАРТАЕВА**

23 ақпанда журналистика факультетінің ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы мен «Гүлзар» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Мектеп оқушыларына білім беру мен тәрбиелеудің инновациялық технологиялары» атты ҚР мектеп мұғалімдеріне арналған ІІ Республикалық Қысқы мектебі өтті.

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ АЛАҢЫ

Қысқы мектепті ашқан кафедра менгерушісі Назгүл Шыңғысова өзінің алғы сөзінде: «Қазіргі таңда орта мектептерге оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері, заманауи бағдарламалар мен білікті ұстаздар аса қажет. Оқытудың нәтижесі оқушылардың әрі қарай материалды терең менгеруіне, өзіндік ізденістеріне, сондай-ақ, алған ақпаратты жан-жақты талдап оқуына ықпал етуі тиіс. Бұл мәселе ХХ ғасырдың басында да қазақ зиялыларын толғандырған. Бүгінде жоғары оқу орындарында ғылым, білім және өндірісті тиімді ықпалдастыру мәселелерін жүзеге асырудамыз. Кәсіби білікті маман болып қалыптасу үшін мектепте алған білім мен тәрбиенің маңызы зор. Сондықтан да қазіргі таңда орта мектеп пен жоғары оқу орындарының арасында тығыз қарым-қатынас болғанын қалаймыз. Тәжірибе алмасу алаңы ретінде былтырдан бері қысқы мектеп өткізуді қолға алдық», – деді.

Педагогикалық және тәжірибелік-эксперименттік мәселелерді айқындауды және олардың рөлін инновациялық білім беру үдерісінде көрсетуді мақсат еткен семинар-тренингте қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісті. «Казинтерсервис» компаниясының жетекші-тренері Акежанова Динара, «Гүлстан» республикалық ғылыми-көпшілік журналының бас редакторы Құлжабаева Гөзел, «Мектеп мерейі» республикалық танымдық-ақпараттық журналының бас редакторы Жұманова Заря, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, п.ғ.к. Төлешова Ұлмекеннің дәрістері ұстаздарға педагогика саласы бойынша толыққанды ақпарат берді. «Казинтерсервис» компаниясының интерактивті тақтаны қолдану жөніндегі дәрістері мектеп ұстаздары үшін аса қызықты болды.

Қазіргі таңда оқу үдерісін тұлғаның зияткерлік әлеуетін пайдалануды есепке ала отырып, даралау, оқу үдерісінде инновациялық әдістерді және шығармашылық-сыни ойлауды дамыту құралдарын пайдалану, оқушының тұлғаралық құзыреттілігін оқытудың жобалау әдісі көмегімен қалыптастыру ең маңызды дүние саналмақ. Сондықтан да семинар соңында оқытудың инновациялық әдістері бойынша дәрістер оқылып, психологиялық тренингтер ұйымдастырылды. Бұл шаралар келген қонақтарға үлкен жылулық пен сенім сыйлады.

Айжан ТОҚШЫЛЫҚОВА,
журналистика факультетінің
3-курс студенті

РЕКТОРАТ

Университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі қарқынды

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жоғары білім беру жүйесінің алдына нақты міндеттер қойды. ЖОО-лар өз қызметін «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясатына және индустриалды бағдарламасына, яғни ғылыми зерттеулер жүргізу, инновациялар мен инновациялық технологиялар құруға бағыттауы тиіс. Осы мақсатта қазіргі таңда университетте ауқымды шаралар атқарылуда, онда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың білімге негізделген экономиканың инновациялық субъектісі ретінде қалыптасуына басты назар аударылуда. Бұл жайлы кешегі Ғылыми кеңес және ректорат отырысында Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабұл Рамазанов айтты.

Университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі тиімді ұлттық инновациялық жүйе нәтижесі ретінде ғылымның экономика салаларымен бірігуін және қажетті кадр даярлауды, ЖОО бәсекелестігін арттыратын және отандық университеттердің әлемдік рейтингке енуіне ықпал ететін жана тиімді механизмдерді қалыптастыруды қамтамасыз етуі керек. Осы орайда 2014 жылды қорытындылаған проректор университет жұмысының ғылыми-зерттеу құрамдас бөлікті көбейтуге бағытталғанын атап өтті. Оған бүгінде университет

бойынша 14 факультет, жаратылыстану ғылымдары бағытындағы 8 ғылыми-зерттеу институты, соның ішінде Физика-химиялық зерттеулер және талдау орталығы, Ғылыми-технологиялық паркі, Ашық түрдегі нанотехнологиялық зертханасы, 5 институт және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы 48 ғылыми орталық атсалысуда. Өткен жылы университет ғалымдары жалпы саны 416 жобаны іске асырған. Олардың басым көпшілігі ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыруы негізіндегі жобалар болса, сонымен қатар

жекелеген жобалардан бөлек, ұйымдар және кәсіпорындармен жасалған шаруашылық келісімшарттар аясындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының да салмағы басым.

Өз баяндамасында университеттің ғылыми-инновациялық құрамдас бөлігін көбейтудің жолдарын ұсына отырып Тілекқабұл Сәбитұлы ғалымдар мен оқытушы профессорлар құрамының Scopus, Thomson Reuters базаларына енетін жарияланымдарының, шетелдік ғалымдармен бірге жасаған жобаларының саны артқанын, өзге де көрсеткіштердің жақсарғанын жеткізді.

Сондай-ақ ректорат отырысында журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы мен Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Баян Жүндібайқызының индикативті жоспарды орындау бойынша хабарламалары тыңдалып, талқылауға түсті.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

АЙНАЛАНДЫ НҮРЛАНДЫР!



Тәуелсіз еліміз соңғы жылдары әлеуметтік жаңғыру мен дамудың жаңа кезеңіне аяқ басып отыр. Қоғамның барлық саласында ел дамуының басым бағыттары бойынша қырқынды жұмыстар қолға алынууда. Нәтижелі еңбек пен табысқа қол жеткізу үшін қоғамның әр мүшесі, жеке тұлғалар мен ұжымдар алдында жаңа мақсаттарға сәйкес жұмыс істеу міндеті қоса қойылып отыр. Осыған орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде соңғы үш жыл көлемінде «Әлеуметтік жаңғыру әр адамнан басталады» атты тақырыпта университет ұжымының белсенділігін көтеру мен әлеуетін жұмылдыру мақсатында «Айналанды нұрландыр» жобасы жүзеге асырылып келеді.

«Айналанды нұрландыр!» жобасы аясында алғаш рет өткізіліп отырған жалпыуниверситеттік байқауға II тілдік кафедра қатысуда. Осы байқаумен қатар студенттер арасында үздік эссе байқауы да жарияланған болатын. Сәуір айына дейін әр кафедра аталған жобаның мазмұнын ашатын, тақырыптың маңыздылығын толығымен қамтыған үздік эссе жазған студентті анықтауы тиіс.

Байқауды алғаш болып бастаған филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің қазақ тілі білімі кафедрасы болды. Кафедраның доценттері С. Ақымбек, Ш. Рамазанова, Н. Егізбаевалардың ұйымдастыруымен «Жүректен шығар жылулық» атты іс-шара өтті. Іс-шарада факультет деканы Өмірхан Әбдиманұлы университеттегі осындай ізгілікті шаралардың студент-жастарға беретін тәлім-тәрбиесі туралы жақсы лебізін білдірді. «Үздік эссе» байқауын осы кафедраның доценті Б. Құлжанова өткізіп, көрме ұйымдастырды. Кеште алдымен кафедра ұжымы студенттермен бірге Алматы қаласындағы «Ардагерлер үйінде»

өткізген қайырымдылық шараларынан бейнебаян көрсетілді. Сондай-ақ студенттер көңілді сергітер әзілдермен қатар өмірде кездесетін келенсіз жағдайлар туралы қойылым көрсетті, ән айтып, мың бұрала би биледі.

Байқауды екінші болып жалғастырған жаратылыстану факультеттеріне арналған шет тілдері кафедрасы болды. Кафедра менгерушісі А. Молдағалиева және кафедраның оқытушылары студенттердің жобаны жан-жақты қамтуына мол үлестерін қосқаны көрініп-ақ тұр. Кешті жас ақындар ізгілік, мейірімділік, адамгершілік тақырыбына жазған өлеңдерімен ашты. Студенттер көбінесе ағылшын тілінде ән орындап, қойылымдар көрсетті.

«Өмірге деген құштарлық» тақырыбында өткізілген іс-шарамен байқауды гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасы жалғастырды. Кафедра менгерушісі К.

Айсұлтанова іс-шараны ұйымдастыруға атсалысқан барлық оқытушыларына, белсенділік танытып, кеште өнер көрсетіп, өзгелерге үлгі-өнеге болып жүрген студент-жастарға ізгі ниетін білдірді. Кеш өзге ұлт өкілдерінің өнерлерімен ерекшеленді. Жас ұрпақты қайырымдылық пен имандылыққа баулитын, өмірде болуы мүмкін жағдайлар туралы сахналық көрініс көпшілікке үлкен ой салды.

Байқаудың келесі отырысы «Қайырымды қала тұрғындары» атты музыкалық-композияциялық кешпен тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасында өз жалғасын тапты. «ҚазҰУ – тек озық білім ордасы ғана емес, адами құндылықтарды бойына сіңірген парасатты ұрпақ тәрбиелеу ісін де қолға алған қайырымды қала» деген жүргізуші сөзімен басталған кеште студенттердің ҚазҰУ қалашығының тұрғындары, олардың айналасындағы адамдар «Айналанды нұрландыр» дегенді

немен байланыстыратындығы туралы шағын бейнеролик көрсетілді және оған ассоциативтік сараптама жасалды. Кафедрамен аталған тақырыпты ашатын «ҚазҰУ студенті білуі тиіс 100 афоризмді» іздеп көру мақсатында 200-ден астам ҚазҰУ тұрғындарынан жазбаша да, ауызша да сауалнама алынған. Кештің тағы бір ерекшелігі үлкендерге қарап үлгі алған, болашақта ҚазҰУ студенті болғысы келетін Ғания атты жас бүлдіршіннің өнері көпшіліктің көңілінен шықты. Сондай-ақ кеште сәлемдесу, рахмет айту секілді игі сөздерді жақсы меңгерген американдық студенттер де өз өнерлерін көрсетті. Кафедраның бакалавр, магистратура, докторантурада оқитын барлық студенттерді дерлік іс-шараға белсене атсалысты. Кафедра менгерушісі Г. Мәдиева және кафедра оқытушылары аталған тақырыпты толығымен қамтуға, студенттердің болашақта ой-санасына түйіп алатын тың дүниелерді көрсете білді деп ойлаймыз.

Ендігі кезек – орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиеті кафедрасы, дипломатиялық аударма кафедрасы, тілдік және жалпы білім беру кафедрасы және шығыстану факультетінің кафедраларында.

Жоғарыда көрсетілгендей байқаудың мақсаты «Айналанды нұрландыр!» жобасының ролін арттыру, талантты студенттерді анықтау және ең тиімді жұмыс жасаған кафедраның озық іс-тәжірибелерін тарату болып табылады. Үздік кафедраларды анықтау үшін арнайы құрылған комиссия кафедрада өткізілген іс-шараларды қойылған талаптар бойынша бағалайды. Байқау қорытындысы сәуір айының соңында Гала-концертпен қорытындыланатын болады.

Шынар ЕРЛАНҚЫЗЫ

Құрметті оқырман, газеттің осы санынан бастап «Айналанды нұрландыр!» жалпыуниверситеттік фестивалі аясында жарияланған студенттік эссе байқауына қатысушылардың шығармашылығынан үзінді ұсынатын боламыз. Студенттердің тілге деген құрметін арттыру, өз ойын көркемдеп жеткізу дағдысын қалыптастырып, шығармашылық бағыттағы қаламдарын ұштау мақсатында ұйымдастырылған бұл байқаудың жастар арасында «Айналанды нұрландыр!» жобасының тағылымдық-тәлімдік идеясын насихаттауға зор үлес қосарына сеніміміз мол.

Бибіпүр ОРЫНОВА

Әсем әлемде ізгілікті ғұмыр кешіп жатқан біз бақыттымыз! Жанымызда жарқын достар, көгімізде күнге қанаты шағылысқан қыран құсы қалықтаған бейбіт елдің ұрпағы екендігімізді біз мақтан тұтуымыз керек. Жүректен жүрекке мейірімдімізді жеткізіп, айналамызды шаттыққа бөлеп, нұрландыру – біз үшін қуанышты міндет. Жақсылық жасау, мейірімді болу, жақсы адам боп қалыптасу, тағы сондай сияқты жақсы қалып-қасиетке ие болған өте жақсы. Әрине, өзіңе өзіңнің көңілің толса, өзгелер саған қызыға да қызғана қарайтын болады. Жүрекке жақын жақсылықтар көңілге де қуаныш нәрін себеді. Ал айналасын қуантқан кісі бақыттың кілтін қолына ұстайтындығы даусыз.

... Өмір – бумеранг. Кімге қандай жақсылық жасасаң, сол өзіңе көп есе боп қайтады. Кімге не берсеңіз, ол нәрсе өзіңе қайта оралады. “Не ексең, соны орасың” деген халық нақылы жай сөз болуы мүмкін емес. Әрбір істеген қылық мағына береді, ой қалдырады, кейін сол ізбен өз орнына қайта оралады. Кешірсеңіз, кешірім аласыз, біреуді сатып кетсеңіз, сізге де жауабы солай болады, сіз біреуді ренжітсеңіз, сізді басқалар ренжітеді, сіз құрметпен сыйласаңыз, өзіңіз де сыйлы боласыз. Өмір бәрине де бірдей қарайды, адам өмірде қаншалықты еңбек етіп, айналасына қандай қарым-қатынас жасаса, ол солай қайта келеді. Қара ой болса, қараңғылықтан бетер түнекпен оралады, ал ізгі ой, қасиет Алланың назарымен оралады.

Әрбір адамда белгілі кезеңдер, яғни өмір кезеңдері болады десек, оны өз орнына қолдана алу – ізгі мақсат. Жалпы адам өмірінде үш кезең бар десек, біріншісі, жасөспірімділік кезең – адамда уақыт, қайрат, барлығы бар, бірақ оны жүзеге асыратын қаражат болмайды; екіншісі, ересектік кезең – адамда қайрат, қаражат бар-дағы, бірақ уақыт болмайды; үшіншісі, қарттық кезеңде адамда уақыт, қаражат бар болады, ал қуат, қайрат сарқылады. Өмір деген осы: бір нәрсе берсе, екіншісін алады. Бірақ, адам баласы әрбір уақытта тізгінді ұстап үлгеріп, нақ қимыл жасап, болашақтан үмітін үзбегені лазым.

(Ықшамдалып алынды)

Алтынай КАБИДЕШЕВА,
студентка 3 курса
факультета востоковедения

...Быть милосердным и терпимым, отзывчивым и равнодушным – безусловно, прекрасно. Но если всем людям одинаково объясняют существование добра и зла, то откуда появляются трудности? Человек опоздал до закрытия аптеки на пару минут, хотя аптекарша только закрывала дверь, и все равно торопясь отвергла предложение продать лекарство, человек не смог купить аспирин для больного простудой ребенка и озлобленный пошел дальше. На пути ему встретилась молодая девушка, что заблудилась. Он не остановился и не показал ей дорогу, так как человек, который мог бы помочь ему, проигнорировал его просьбу. Зло и добро имеет привычку порождать подобное. Но к превеликому счастью, людям всегда дан выбор, и аптекарше, которая торопилась на автобус, быть может последний, и мужчине, обиженному на нее и не указавшему путь девушке. То есть, чтобы не случилось, вселенная дает нам выбор: протянуть каплю добра незнакомцу или пройти мимо... Порой люди делают, как, казалось бы, так много хорошего, а этого никто не замечает... Есть некоторые из нас, которые не спускали кошек с дерева, не носили тяжелые сумки бабушкам, не уступали места беременным в общественном транспорте, но тем не менее не совершали зла. Кто тогда они, равнодушные? "...Бойтесь равнодушных – они не убивают и не предают, но только с их молчаливого согласия совершаются на земле все предательства и убийства". С нашего равнодушия загрязняются города, вырубаются леса и голодают дети. Я прошу вас, кто читает мое скромное эссе, не позволяйте равнодушию взять верх над человечностью и человеколюбием...

...Казахам свойственно гостеприимство, открытость и дружелюбие. Их отличает невероятная сплоченность, душевная доброта и терпимость. Разбросанные в советское время люди различных национальностей нашли свое убежище и дом на этой великой земле, подружившись с коренными жителями. Одна бабушка кавказской национальности, пустившая глубокие корни в Павлодаре, рассказывала о том, что в 30 годы, многие представители кавказкой, ингушской и корейской национальностей были насильно депортированы на Север Казахстана. Она вспоминает, как холодной зимой их выпихивали из мерзлого поезда в белую гушу снега и ветра, без надежды и шанса на выживание. Они не знали, где они, куда им идти и чем жить дальше. К удивлению, к ним начали подходить люди, молчаливые и с понимающими взглядами, они кутали их в одежды и укрывали в собственных домах...

(Отрывок из эссе)

В КазНУ состоялась конференция по обсуждению проблем тюркской письменности и латинского алфавита

EDUCATION WITHOUT FRONTIERS



Academic mobility program is a great opportunity to study and explore the world at the same time.

We are living in time of opportunities. Now al- Farabi University students have a wonderful opportunity to study one semester at the universities abroad. Studying in another country can provide students with a wealth of unique experience and enhance their academic, creative and personal skills. Our university gave us a great chance to study at Berlin State University. We attended lectures, worked in the laboratories and research centers. Moreover, we spent amazing weekends, enjoying the sights of Berlin forests, as well as cultural sites in the city.

Academic mobility program is a great opportunity for students to get a global outlook and to gain new knowledge

Aya KUDABAYEVA,
Physics - Technical Department

Great time in Keele University

In November 2013 the Department of Mathematical Modeling of the Faculty of Mechanics and Mathematics of Al-Farabi Kazakh National University and the School of Computing and Mathematics, Keele University, Great Britain signed an agreement on two-diploma education in the framework of a new educational trajectory for graduates and students. Thanks to this agreement 5 Master students and one 4-th year student studied at Keele University during the 2014-2015 autumn semesters in the framework of the program of academic mobility "Semester Abroad".

Keele University is the first in the list of student satisfaction (by the results of the 2014 National Student Survey of UK) and the 6th in the list of teaching quality and highly qualified personnel (by the results of Times Higher Student Experience Survey 2013). It maintains contacts with over 45,000 graduates from more than 100 countries worldwide. It is really an international university. A large number of students from Spain, Germany, Portugal, the Netherlands, Sweden, Russia, China, Japan, Indonesia, Iraq, the Caribbean, Kenya, Kazakhstan and many other countries study there..

We lived in Halls of Residence and each of us had his own room. The campus has a supermarket, a bookstore, a bank, a medical center and a sports center. A large well-stocked library is open around the clock. It is divided into sections for group and individual studying and it also has more than 10 computer rooms.

In addition, we worked at our individ-

ual research projects under the supervision of five professors and one doctor of science (PhD).

The autumn semester at Keele University lasts for 12 weeks (from 29 September to 19 December), after which the students have Christmas holidays. The session period is from 12 to 23 January, during which we had to take 3 exams. Something that really amazed me was the attitude of the University to the students during the session. In each of the blocks of the dormitories there were brochures giving recommendations how to prepare for the exams and what to eat to stimulate their brain activity. The University organized trainings, courses of massage and yoga. And even fruits were given for free. For the session period all University buildings were turned into rooms for studies, buses transported students for free who worked in the library till late hours. Exams were very strict. Everybody was informed of the examination rules. No talking, no whispering, no cheating!

The University campus is not only the place for studying but also the place for entertaining. From Friday to Sunday the Students' Union Building turned into a place for parties, dances and music. Each month the international community of Keele University organized trips to cities of Great Britain, thanks to which we visited Liverpool, Manchester, Birmingham, Edinburgh and London.

Department of Mathematical Modeling of the Faculty of Mechanics and Mathematics



Students of Makisheva M.K.

Associate Professor, International Relations Department, Teacher of English.

Savchuk Anatoly IR, 3rd year student

For me Mariyash Kaydaulovna, first of all, is an upscale mentor. The high level of linguistic and professional skills of Mariyash Kaydaulovna is undisputable. She has an incredible "can do" attitude to life and inculcates the same quality in all of her students. Sometimes I ask myself, how can one man combine all the best human traits and qualities, but at the same time remain unique? Mariyash Kaydaulovna is a vivid example of such person.

Su Jin Son. 3rd year student. International law.

I really like the style of her teaching, I highly appreciate her careful approach to every student in our group. She can create very supportive learning environment.. Mariyash Kaidaulovna is a pure inspiration for me.

KARIPBAYEVA GULNAR,
SENIOR TEACHER OF DIPLOMATIC TRANSLATION DEPARTMENT OF INTERNATIONAL RELATIONS FACULTY.

AIESEC Organization opportunities

Have you ever heard about AIESEC? It is an international non-governmental non-profitable organization that provides young people with cross-cultural global internship, volunteer opportunities and leadership development experiences. I became a member of the program Global Citizen. We worked in schools on the island of Hainan, and after a week in Shanghai, we (20 young people from different parts of the world plus 5 Chinese interpreters) went to Haikou, a city in the north of Hainan.

The third city was Wozhishan, where we worked with children aged 7-11. We told children about our countries and saw twenty pairs of eyes looking at us with admiration. In Wozhishan I saw a real China, not a glamour country shown to foreigners – battered chairs and desks at school, no air conditioning, dirty streets and poor people.

I have got some good skills, knowledge and some good connections from the trip. First of all, now I know that it is not important where you come from, it is important what kind of person you are – like attracts like, and if you have what to talk about with a guy from Egypt, it means that there are no boundaries between people. Secondly, thanks to this trip I have friends all over the world. It is difficult to believe, but now I understand people from twenty countries, and I can feel their feelings. Thirdly, I have broadened my world view. I wanted to see China from the inside, and I saw it.

Gulnar NAURYZBAIKYZY

STUDENTS TALK ABOUT TEACHERS

Students of Suleimenova G.S.

Associate Professor, International Relations Department, Teacher of English.

Ermek Barmashev- 3rd year student of International relations department.

We are really fortunate to have Gulsum Suleimenovna as our teacher of English. She is an icon of intelligence, rich erudition and will-power. She is a highly professional teacher! She is a type of a teacher who has a powerful emotional impact. You walk out of her lesson feeling you can do things- can read better, speak better, think better.

Aida Uzakbayeva 2nd year student.

Gulsum Suleimenovna's lessons are always interesting ! She has an amazing ability to stimulate her students' interest in any topic being discussed and create a friendly atmosphere in the class.



Бүгін ҚазҰУ-да ардагер-әйелдерге арналған

«Жақсылық жаса!» қайырымдылық акциясы өтуде

НАР ТҮЛҒАЛЫ ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ



жетекші қызметкері Әкімбаева Жазира сөз кезегін алып, халықты қысқа да нұсқа баяндамасымен таныстырды. Ол «Өзін-өзі тану – рухани адамгершілік» бағдарламасының негізгі мақсатын, студенттерді даярлаудағы педагогикаға қатысты әрбір зерттеліп отырған ғылым қоғамның болашағы екендігін даралады. Баяндаманы педагогика ғылымдарының кандидаты, жалпы және этникалық педагогика ғылымдарының доценті Т. Тәжібаев атындағы этнопедагогика мен этнопсихология ғылыми-зерттеу орталығы жетекшісінің міндетін атқарушы Бақыт Әрінова жалғастырды. Одан кейін психология ғылымдарының кандидаты Жарас Сейітнұр: «Кез келген ғылымды түсіну үшін оның тарихи түп-тамырын зерттеу қажет», – деп, өз сөзін философ, математик Декарт Рененін: «Мен ойлаймын, мен өмір сүремін», – деген керемет сөзімен аяқтады.

Сондай-ақ салтанатты шара барысында Жолмұхан Төкпенұлының Т. Тәжібаевқа арналған кітабының тұсауы кесілді. Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева оны айтулы оқиғамен және университеттің 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, университет ректоры атынан арнайы сый-сыяпат ұсынды.

Жиынға Т. Тәжібаевтың ұрпағы, жақын туыстары да қатысты. Келесі сөз тізгіні Ж. Төкпенұлымен қатар жүрген, жазушы, журналист, академик, Т. Тәжібаевтың ұрпағы Мамадияр Жақыпқа берілді. Ол Т. Тәжібаевтың есімі жыл сайын ұлықталып, мұндай шаралар дәстүрлі түрде өтіп тұрғанына ілтипат білдірді. Ол Т. Тәжібаевқа ерекше құрмет көрсетіп отырған ұйымдастырушыларға және Ж.Төкпенұлына ерекше алғысын білдірді. Сонымен қатар жиында композитор Әмірхан Телғозиевтің Т. Тәжібаевқа арналған әні шырқалды. Сөз соңында Жолмұхан Түрікпенұлына «Академик Т. Тәжібаев» атты кітаптың шығуына үлкен көмек көрсеткен ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтановқа, академик М. Жақыпқа алғыс білдірді. Басқосу Т. Тәжібаевтың шөбересі болып келетін Құрманғазы атындағы Қазақ музыка факультеті, қобыз кафедрасының аға оқытушысы Ләйлә Тәжібаеваның шәкірттері орындаған Ықылас Дүкенұлының «Жез киік», Құрманғазы Сағырбайұлының «Қызыл қайың» сынды күйлеріне ұласып, көпшілікке керемет көңіл-күй сыйлады.

А.ӘЛІМ,
журналистика факультетінің оқытушысы;
Г. ОТАШ; А. САМАТОВА,
1-курс студенттері



Үздік үлгерімі үшін ақылы бөлімнен мемлекеттік грантқа ауысқан төмендегі ҚазҰУ студенттерін айтуды жетістіктерімен құттықтаймыз!

ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

Мулдашева Айнура Талғатовна

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

Ахметбекова Анель Аруновна
Оразова Жаннат Амандықызы
Логинов Никита Андреевич
Голубятников Роман Михайлович
Камбаров Руслан Уланұлы
Аманкелди Дамира Аманкелдиқызы
Сейтәлі Арайлым Біржанқызы
Позднякова Екатерина Алексеевна
Куанышбай Нұрқұл Бегісқызы
Карапетян Элина Шамовонона
Калматаева Диана Нұрланқызы
Омарова Роза Жұмабекқызы
Мамырбекова Мадина Талғатовна

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Сартаева Қарлығаш Сайлауқызы
Жумағалиев Ернур Айнабекович
Сайлау Айгерім Маратқызы
Аблаева Райхан Балтабековна
Калижан Инкәр Калижанқызы
Карманова Мадина Нурлановна
Чернобил Вера Алексеевна
Токтарбай Арайлым Серікқызы
Касымбекова Алина Асановна
Шайдулина Дарья Руслановна
Нұртаза Бақтияр Бақытұлы

ХИМИЯ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ

Аманқосова Бақытгүл Жасұланқызы
Бауыржан Айдын
Баяндинова Алтынай Айдарханқызы
Ержанова Назгүл Әлібекқызы
Ізім Бекболат Аманжанұлы
Бағдатқызы Айгерім
Хасанова Гауһар Ержанқызы
Қазиханова Балжан Қазиханқызы
Әбдірахман Жансая Ғалымқызы
Бауенов Канатбай Хожабасевич

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

Ақыпбекова Айғаным Нұржанқызы
Советхан Шынар Дастанқызы
Кадырова Жанел Маратовна

БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Батықова Жұлдыз Казбекқызы
Керімжанова Аяжан Дулатқызы
Әбілдәшева Арайлым Нұғманқызы
Кәдірбек Бауыржан Қайратұлы
Хамза Альмира Ерланқызы
Куандықұлы Нұртас
Хасияров Аршидин Рашидович
Мұханбетова Назгүл Жәнібекқызы
Нұрақын Зинат Бекболатқызы
Омонали Бектемір Бірімқұлұлы
Елемес Айым Абдықалықызы
Ешмұханбет Анар Нұржанқызы
Әлімтай Гүлнұр Әлімғазықызы
Мадетова Акерке Сәбитқызынан
Батчаева Райхан Болатовна
Асылбекұлы Алпамыс
Нұралы Балнұр Керімбекқызы
Пак Юрий Олегович
Джиенбаланова Арина Руслановна

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ

Ашкенова Асель Жанатовна

Мусаева Асель Тауржановна
Пак Наталья Юрьевна
Турусбеков Мейрамбек Ерланович
Меирбекова Динара Сатыбалдыевна
Дюсенғалиева Асель Саматқызы
Русланқызы Анель
Сабидуллина Адеми Еркиновна
Сатыбалдыева Жансая Таубасевна
Есенжол Дархан Есенжолұлы
Кидирмағанбетова Анар Ибрагимовна
Хан Анель Анательевна
Онласынов Әлішер Бақытқалиұлы
Совет Маржан Серікқызы
Төлегенова Назерке Серікқызы
Орынбасар Айдана Бақытжанқызы

ФИЛОЛОГИЯ, ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ

Байназар Бағила Есенғалиқызы
Түлебаева Айнура Еркиновна
Контек Айым Майбекқызы
Андрирова Асель Бекбулатовна
Қонысбаева Назира Жанатовна
Қушжанова Әлзат Тағатқызы
Спанбек Арайлым Нұрланқызы
Қасымқын Гүлдіана Қуатовна
Пинжебаев Абылайхан Асанұлы
Искендір Аккуралай Абдуалиевна

ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Қалыева Ақбота Рахимқызы
Камыспаева Сабина Маратовна
Күзен Назира Байдуллақызы
Ахметова Гауһар Ермекқызы
Ярушина Ольга Сергеевна
Аширова Айнаш Тейипжановна
Қасымханова Арайлым Асхатқызы
Нуркуат Саиятқұл Қуанышқызы
Ержан Гауһар Әлімжанқызы
Қалдыбай Мағжан Маратұлы
Тұрғанбек Абылай Серікұлы
Қасымқұлов Айбек Қайратович
Тұнғатаров Сұлтан Серікбекұлы
Жұмахан Жұлдыз Қайратқызы
Ихсанова Рамина Ильғизовна
Кәрібай Әсел Серікқызы
Дүйсебай Асылзат Исханқызы
Жексембиев Онласын Әлішерұлы
Көшербай Қуаныш Жомартұлы
Абен Нурислам Болатұлы
Құрбанәлі Алматы Ерланұлы

МЕХАНИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

Джумағалиева Асылзада Нурлановна
Жәкен Ерболат Жанатұлы
Алжан Бекзат Зандыбайұлы

ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Екпін Бердібек
Кенжебаев Сұнғат Тұрлыбекұлы
Адырбекова Гүлзира Алмазқызы
Абилхатин Нурболат Исатаевич
Тлемисов Абылайхан Турарбекович
Канатова Асель Бағитқызы
Жусипова Орынай Камидоллаевна

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Совет Айгерім Еркінқызы
Балтаева Бақыт Алшынқызы
Ануаров Нариман Талғатұлы
Бақытжанов Ақайдар Дәулетжанұлы

ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Қунгурова Асель Нурлановна

Алмат ҚҰРБАНӘЛІ,
география және табиғатты пайдалану факультетінің 2-курс студенті



– Мен биылғы оқу жылының екінші жартысынан бастап білім грантына ауыстым. «Оқыған жетер мұратқа» демекші, үнемі оқу іздену, талпынып еңбектенудің нәтижесінде, сондай-ақ факультет оқытушыларының берген жаң-жақты білімі мен тәлім тәрбиесінің арқасында осы жетістікке жеттім. Менің осындай қолдау білдірген университет басшылығына, факультет оқытушыларына айтар алғысым шексіз. Келешекте ата-анамның, ұстаздарымның сенімін ақтауға тырысамын.

Дархан ЕСЕНЖОЛ,
экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс студенті

– Мен Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне түсуді кештен айтқан армандайтынмын. ҰБТ-дан «Алтын белгімді» ақтай алмай қалған кезде қатты өкініп, біраз өзіме деген сенімнен айырылған болатынмын. Ата-анамның демеушілігімен ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебіне ақылды оқу бөліміне түстім. Ал, міне, маған грантка ауысатындығым туралы хабарлады. Қуанышымда шек жоқ. Менің еңбегімді бағалап, грантка ауыстырғаны үшін алғысымды білдіремін. Енді ғана студенттік өмірге аяқ басқан мен үшін бұл үлкен ынталандыру болды. Маған сенім артқаны үшін университетіміздің ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлына және факультетіміздің деканы Баян Жүндібайқызына ерекше алғысымды білдіремін. Сонымен бірге қаржы кафедрасының оқытушыларына, оның ішінде кураторым, кафедраның аға-оқытушысы Керімбекова Нұргүл Нұрәулетқызына алғысым шексіз.





Сырлы сөздің зергері

Зейтін Ақышевтың «Жаяу Мұса» атты романына қазақтың белгілі әнші-композиторы жаяу Мұса Байжановтың өмірі арқау етіп алынған. Оның өнер жолындағы алғашқы қадамынан бастап, халық сүйіспеншілігіне бөленген белгілі әнші, белгілі композитор дәрежесіне көтерілуін, әділет үшін күрестің мойымас майталманы болуын автор сол кездегі ішкі-сыртқы оқиғаларға тығыз байланыстыра отырып нақты белгілеген.

Шығарманың тілі нәрлі де нақты. Атақты өнерпаз, композитор, батыр жігіт ретінде елге танылған Мұса Байжановтың өмір жолы, сол кезеңнің басты қайшылықтары, адамдар арасындағы теңсіздік, қазақ ауылдарының тұрмыс-тіршілігі, орыс қоныстанушыларды суреттеумен қатар Мұсаның балалық шағының ауыр кезеңдері оқырманды бей-жай қалдырмайды. Мұсаның генерал Черняев, әсіресе Шоқан Уәлихановпен танысып, сырласуы, атақты Мұса, Мұстафа Шормановтар бейнесі де дәл берілген. Мұса тапқыр, айлакер би болса, Мұстафа әділетсіз, алды-артын ойламайтын болыс болғанын суреттейді. Зейтін Ақышевтің "Жаяу Мұсасында" қазақ сахарасындағы сол кезеңдегі оқиғалар көркем тілмен суреттеліп, қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрпы терең көрініс тауып отырады.

Жаяу Мұса – әділетсіздікке, зорлық пен зомбылыққа қарсы шайқасып өткен адам. Ол бар өмірін Жасыбай мен Ақшоқыда өткізетін жан емес, оның бармаған жері, баспаған тауы жоқ десе де болғандай. Сол жерлерде ол талай адамдармен кездеседі. Бала жасынан жоқшылық пен таршылықты көріп өседі. Ермегі кітап оқу, қағаз жазу, еріккенде ит жүгіртіп, құс салу, Ақшоқының шыңдары мен құздарына тор құрып, қоян, шіл, бұлдырық аулаумен болған. Жаяу өміріндегі ең қызықты, ең

бакытты кезең осы бір жылдар болған. Оның бар ойы, бар арманы қалған өмірі әйелі Сапармен, әнмен, аңшылықпен өткізу болған екен. Ал өміріндегі ең үлкен қуаныш – Сапардан үш нәресте көреді. Тұңғышы қыз еді. Оның атын Тобылғыдағы адвокат Рубановқа берген сертімен Анка деп қойған. Өзі жоқта кемпір-шал жас баланың атын - Бибікәмір деп қояды. Бірақ ол Сапура мен Жаяуға ұнамайды. Екіншісі қызының аты – Нәсіп, үшіншісі – Салық есімді ұл бала.

Әйелі Сапар сырқаттан жазылмай қайтыс болады. Жаяу басқа әйел алмайды, үш баласын бағады. «Құдай тағала маған 94 жыл тіршілік берген екен, – деп толғанып кетеді кейде. Бірақ сол өмірдің кейінгі он шақты жылы болмаса, арғы жағы түгел азаппен, қорлықпен, айдаумен, жоқшылық-таршылықпен өткенін ойлап налиды, өкінеді белгілі әнші-композитор Жаяу Мұса Байжанов», – деп жазды З. Ақышев өзінің «Жаяу Мұса» романында.

Аты аңызға айналған Жаяу Мұса туралы романы жазушының бүкіл шығармашылық жолының кезеңді туындысы болды. Бұл романды барша республиканың оқырмандар қауымы жылы қарсы алды десек, әсте асыра айтқандық болмайды. Атақты әнші, өнерпаз композитор, ер мінезді азамат ретіндегі Мұса жөніндегі әңгімелер З. Ақышевтің кездесіне ана сүтімен бірге дарыған. 20 жылдар аяғында жасы 90-нан асқан композиторды автор

көрген де болуы тиіс. Соған қарамастан ол ел аузынан көптеген естеліктер жинайды. Архив материалдарын ақтарады, ғылыми-зерттеу еңбектерімен танысады, сол себепті де роман тарихи және көркемдік жағынан ақылға қонымды, көңілге сенім ұялататын шынайы туынды болып шығады.

Романның негізгі қаһарманының толыққанды тартымды образымен бірге, Зейтін Ақышев басқа кейіпкерлердің тұтас бір галереясын жасайды. Олар Мұса Шорманов пен Құдайберген Қуандықовтың, билеуші болыстар Мұстафа мен Құсайынның, генерал Черняевтің, қулығы мен қайырымдылығы қатар жүретін, көпті көрген көнекөз қарттар Байғабыл мен Ботбай бейнелері мейлінше табиғи шыққан. Қатардағы қарапайым еңбекші жастар Арап пен Күнбөпенің қасіретті тағдыры жайлы тарауларды оқырманның тебіренбей оқуы мүмкін емес. Олар жоғарыда аталған қатыгездіктің құрбандығына шалынады. «Жаяу Мұса» романында айрықша көзге түсетіні – округтің аға сұлтаны, орыс әскерінің полковнигі Мұса Шормановтың образы. Автор оны ақылы да, айлакерлігі де бір басына жететін, қарама-қайшылығы мол кесек тұлға етіп көрсеткен. Ол – бір жағынан жұрттың қанын теспей соратын залым саясатшы болса, екінші жағынан өз өлкесінің мәдениеті мен ағарту ісін жолға қоюға көп еңбек сіңірген білімді де қабілетті қайраткер.

Мұса Шормановтың күрделі бейнесі автордың шығармашылық табысы, бұл – қазақ прозасындағы мүлде жаңа



тұрпат болып табылады. З. Ақышевтің романында есімін елі ардақ тұтатын әнші-композитордың зорлық-зомбылық пен әділетсіздікке қарсы батыл күрескен Жаяу Мұсаның асқақ бейнесі ғана емес, оған қоса қазақ сахарасының алуан түрлі қайнаған өмірі, сол заманның әлеуметтік қайшылықтары айқын көрсетіледі. Романда халқымыздың ұлттық дәстүрлері мен салт-санасы жарқын суреттеледі және онда оқырманның ой-өрісін кеңейтіп, біліміне білім қосатын этнографиялық материалдар да жеткілікті.

Толқын СЕЙДИМХАНОВА,
қазақ тіл білімі кафедрасының
аға оқытушысы

Ақышев Зейтін «Жаяу Мұса» / романның үзінді /

Мұса осы жаз он үшке толды. Бірақ осы ауылдың жастары, әсіресе сауық құмар қыз-келішектер Мұса десе ауыздарының суы құрып, сонынан қалмайды. Жастар бас қоса қалса, думанның дәл ортасында Мұса. Ол жерде жиынның өзі де көңілсіз. Домбырасын бірде тарсылдатып, бірде шертіп, қылжыңы аралас мысқыл өлеңдерін саулата жөнелгенде, жиналған қыз-келішек, бозбалалар ішектері қатып, қырылып қалатын. Кейде, әнші бала деп те аталып жүр бұл. Мұса жоқта ыдру-дыдру болып, құр босқа шуылдап отырған жүрг, бұл келсе біріне-бірі «тоқтандар, Мұсаның әнін тыңдайық!» деп тына қалатын. Осының өзі жанынан өлең де шығаратын болып жүр. Онысы үйлесе ме, үйлеспей ме, оған қарап жатқан ешкім жоқ, өзі де мынасы артық, мынасы кем деп жатқан жоқ, соға беретін. Домбыраның ішегін шертіп қалғанда, даусы бірге шығатын. Ең әуелі «Бағлан қозыны» қонырлатып бір тастап алатын.

Екі ауылдың арасы қойдың ізі. Қойдан жатып қалыпты бағлан қозы. Бағлан қозы дегенім байдың қызы. Көкейімнен кетпейді айтқан сөзі. Мұса өленді бір бағтаса көпке дейін тоқтамайтын. «Бағлан қозыдан» кейін «Кер құнажын».

Көп сиырдың ішінде кер құнажын, Қартаймай-ақ бетіме түсті ғой әжім. Бір көргенде құмартқан қарағым-ай, Қосылмасам құдайға бар ма лажым. -Қой мен сиырды айттың, енді жылқыны да қалдырма, - деп қанқу қылатын әркім. Оған қысылатын Мұса емес.

Ақбайталдың құйрығы келте деймін Зарықтырмай, қалқатай келсе деймін. Түн ортасы ауғанда кіріп келіп, Тілегімді құдайым берсе деймін. Ақырында «Қара буранын» аузынан ақ көбігін ағызғып, шудасын желкілдетіп, даусын күмбірлетіп барып тоқтайтын.

Тайжан қотан күзетуге бүгінде шыққан. Үйдің іргесінде жататын жабуды ала келді де, қотанның шетіне тастай беріп, өзі соған отырды.

-Мұса! Әй, Мұса, Мұсажан, - деп дауыстады молда ағасы. Тайжанның даусы шыкса,

Мұса шыдап тұра алмайды. Бүгін ол, әрине, көкнілсіз, бірақ бағанағы отырған қи түбінен түрегеліп, Тайжанның жанына келді.

- Бері келші өзін. - Тайжан Мұсаны бауырына басты, арқасынан, маңдайынан сипалды. «Жылама, әлі-ақ өесің, сосын кетесің құтылып өз бетіңмен» дегісі келді де, өкісігін басып қалған балаға қайтадан ой салып қайтем деп үндеген жоқ.

- Бар. Үйге барып, тамағыңды ішіп шық, апан айран құйып қойған. Келіп ішіп кетсін деген. Жолдан ағанның домбырасын ала шық. Молда ағасы мүсіркегенге көңілденіп қалды Мұса. Сәтбаланың қолынан тамаққа тойып далаға шықты. Байжан отауына келе жатыр. Керегенің басында ілулі тұрған домбыраны ала кетпек. Мұсаның бір құмары ат болса, екінші құмары домбыра. Бірақ осы бір адыра қалғырын Байжан кейде Мұсаға бермей де қоятын. Қызғаншақтықтан емес, кім біледі, қалжыңбас неме, біреуді домбырамен арқадан ұрып қалып, қаусап тұрған қарағай сынып кетсе ділгір болып қалармын дейтін. Мұса домбыраға жасынан үйір болды. Тек қолына тисе дынғырлатып, қайдағы бір ойнақы, байлаулы тайдың бөгелек тиіп тулағанындай немесе түн ішінде қотанға қасқыр шауып, ауыл аласапыранға түскендей бір күй білінетін оның тартқанынан.

-Ішекті саусағыңмен іліп тартпа, тырнағыңды батырма, - деп Байжан азар да безер болатын. Мұса домбыраны шерте бастаса, кейде, аулақ жүр домбырада, ішегін үзесін, осыдан басқа ішек жоқ, сындырасың. Өзі қаусап тұр., - деп баланың қолынан жұлып алатын. Бертін келе Мұсаныкі жай дыңғыр емес, кәдімгі домбыра білем дегендердің ешқайсысынан кем тартпайтынын байқаған соң, Байжан ескі домбыраны қызғанған да, аяған да жоқ. Тіпті осы жаздан бері осыған өзіне лайық бір домбыра істеттіріп берейікші. Астымдағы жалғыз атымды, басымдағы төрт қанат үйімді, қойнымдағы тоқалымды сұрамас сол үшін. Көп болса бір тоқты, оның жарасы жеңіл, - деп жүретін ішінен. Өзі әнші, домбырашы болғандықтан ба, Мұсаның да осыған әуестігі ұнайтын оған.

Таланттарды таныта білген

Зейтін Ақышевтің есімі барша қазаққа етене таныс. Кезінде шығармашылық адамдардың барлығы дерлік жақсы көрген, биязы мінезді, терең білімді, мәдениетті Зейтін Ақышевтің әнші-ақындар туралы жинағаны мол болған. Оның халық композиторы, әрі күрескер Жаяу Мұсаның өмірі жөніндегі тарихи драмасы академиялық драма театры мен облыстық театрларда, халық театр-ларында жаппай қойылған. Бұл оның қаламына қуат бергендей еді. «Жаяудың» ізін ала оның «Келіндер» деген, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ауыл өмірін суреттейтін пьесасы Қарағанды облыстық театры сахнасында берік орын алады. Сол сияқты автордың «Теңгенің темірі», «Ауру тіс», «Ардақ», т.б. мектеп, оқу, тәрбие мәселелеріне арналған шағын пьесалары көптеген халық театрларында қойылады. Мұнымен қатар, тап сол кезеңде жазушының орта мектеп бітірген жастардың өмірі мен еңбегі жайлы очерктер жинағы «Мектеп» баспасынан, «Достарым менің» атты әңгімелер мен повестер кітабы «Жазушы» баспасынан жарыққа шығады. Қаламгердің «Ақбел асуы» атты, Ертіс бойындағы халық бұқарасының Кеңес өкіметін орнату жолындағы күресі тарихына арналған романы жазушы атын республика жұртшылығына таныстырып қана қоймай, орысшаға аударылып, Одақ көлеміне де жайып жібереді. Бұған ілесе автордың «Жесірлер» (1973), «Бұршақ соққан жер» (1976) роман-дилогиясы шығады.

З. Ақышев драматург ретінде халық композиторы Жаяу Мұсаның өмір желісі мен тарихи деректеріне құрылған драма жазды. Зейтін Ақышевтің "Жаяу Мұсасында" қазақ сахарасындағы сол кезеңдегі оқиғалар көркем тілмен суреттеліп, қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрпы терең көрініс тауып отырады. Бұл драмасы академиялық театр мен облыстардағы театрларға қойылған. "Келіндер", "Теңгенің темірі", т.б. шығармалары халық театрларының сахнасында қойылып келді. Сондай-ақ жазушы В.Панаваның "Кружилика" романын (1952), А. Куприннің "Жекпе-жек"(1955), Я. Коластық "Талап атай" повестерін (1956) қазақ тіліне аударып, орыс қаламгерлерінің шығармаларын қазақ оқырмандарына таныстырған жазушылардың бірі.

Нұрбибі ҚЫЗЫХАНОВА,

қазақ әдебиеті мамандығының магистры

Бешті жүргізген әл-Фараби кітапханасының кітапханашы-менеджері Жұлдыз МАНАТБАЕВА

4 наурыз күні шығыстану факультетінде «Алматы – ислам мәдени астанасы – 2015» баяғдарламасы аясында ТҮРІКСОЙ кафедрасы ашылады



Ерназар Нариман Мамайұлы 1993 жылы 26 қазанда Қызылорда облысы, Қазали ауданы, Аранды ауылында дүниеге келген. Аранды ауылындағы 97 орта мектепті 2011 жылы «Алтын белгімен» аяқтаған. Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, география және табиғатты пайдалану факультетінің 4 курсына туризм мамандығы бойынша білім алып жатыр.

АНАЛАР - АБЫЛ ҚАЗЫНА

Көк желекті көктеммен бірге көңілге қуаныш сыйлай келетін, балапаныма жел түгiлi күн тимесiн деп, алақанына салып аялап өсiрген, ақ мамық мiнездi аяулы аналарымыздың, басынан ақ жаулығын, қасынан немересiн тастамаған айбынды қазағымның ақ жүздi әжелерiнiң, Қыз Жiбектiң қылығындай, Баяндардың бұрымындай, Еңлiктердiң сынығындай болған, қыпша белi қиылған, сұлулығы жиылған қазағымның қарақөз қыздарының, тоқсан ауыз сөздiң тобықтай түйiнi, алғысын адамға емес, Аллаға айтқан, Көк бөрiнiң ұрпағы, көктегiнiң ғана құлы болған барша әйел затының халықаралық мерекесi – 8 наурыз мейрамын бәрiмiз асыға күтеміз. Ер азаматтар бұл күнi гүл алып, сыйлық дайындап, анасының, қарындасының, сүйiктiсiнiң жүрегiне қуаныш сыйлауға асығады. Мен де барша ақ жаулықты әжелерiмiздi, асыл аналарымызды, ару қыздарымызды 8 наурыз мерекелерiмен шын жүректен құттықтаймын. Денсаулықтарыңыз мықты болсын. Жүректерiңiзге иман ұяласын. Әрқашан мына өмiрге сән берiп, жылу таратып, мейiрiм төгiп, шуақ шашып тұрғандарыңыз үшiн сiздер қашанда сыйлы, сүйiктi, қадiрлiсiздер. Сiздерге балалық ақ тiлегiм – аналық ақ жаулықтарыңыз кiрлемесiн. Сонымен бiрге бiздi бiлiм нәрiмен сусындатып жатқан, бiлгендерiн ешқашан аямаған, шәкiрттерiн өз баласындай аялаған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетi география және табиғатты пайдалану факультетiнiң туризм мамандығы бойынша бiлiм берiп жатқан барша ұстаздарымызды мерекелерiмен құттықтаймын. Сiздерге шығармашылық табыс тiлеймiн. Жыл бойы осы бiр көктемгi мерекелiк көңiл-күйден арылмаңыздар. Жүректерiңiз тек қана жылылық пен нәзiктiкке толы болсын. Отанымыздың гүлi, жүрегiмiздiң жыры болып жүре берiңiздер!

*Көктем келдi бәрiмiздi сағындырған,
Сағынышым сезiле ме шағын жырдан.
Халықаралық мереке құтты болсын,
Әйелдер-ай әлемдi бағындырған.*

*Көктем деген мезгiл ғой түрленетiн,
Көктем десе көкейге жыр келетiн.
Аналардың мейрамы жақындаса,
Жүрегiм бiр ғажайып сыр беретiн.*

*8 наурыз – аналарға гүл беретiн,
Мейрам ғой жүздерiңнен нұр көретiн.
Мерекеден құрметтi аямайық,
Сағындырып бiр жылда бiр келетiн.*

*Болмасақ та атақты жыр алыбы,
Ана десе жүректен жыр ағады.
Ұғымы кең, ана деген ұлы есiм,
Қысқаша үш әрiптен құралады.*

*Анашым – өмiрдегi барым, бағым,
Сiздi көрсем оттай болып жалындадым.
Ана сөзi жырымда қанша болса,
Соншама өзiңiздi сағынғаным.*

*Асыл ана, шуақ шашымы жарқыраған,
Шуағына жылысын жарты ғалам.
Мейiрiмi мен адалдығы тозбайтұғын,
Мен үшiн ана деген алтын адам.*

*Көктем келдi қазағымға ән қылып,
Құстар үнi құлағымда жанғырып.
Аналардың мейрамын ала келдi,
Анаға деген сезiм отын жандырып.*

*Көктем келдi шуақ шашып тан күлiп,
Құстар келдi табиғатты сән қылып.
Аналар, мереке құтты болсын,
Қажымай, жасаңыздар мәңгiлiк!*

Сәбиіңмін, анашым!

С биіңмін, кіп-кішкентай, с биіңмін, жан анам,
Күндіз сенен ажырамай, қолдан түссе жылаған.
Құшағыңды пана қылып, ақ сүтіннен н р алып,
Тыныштықты ұмыттырған, түн ұйқыңды ұрлаған.

Бөбегіңмін, жан анашым, қорғансыз бір с биің,
Маған қорған болатын ед дауысың мен лдиің.
Қажеттісін айта алмайтын тілсіз мылқау болсам да,
Өзіңе аян болушы еді халім менен жай-күйім.

Бөбегіңмін, кіп-кішкентай, бөбегіңмін, анашым,
Өзің – менің камқоршым, өзің – маған жанашыр.
Құрсағыңнан босатсаң да, жүрегіннен шығармай,
Күндіз-түні мені ойлап, уайым шегіп жатасың.

С биіңмін, кіп-кішкентай, с биіңмін, жан анам,
Құшағыңда с биі болып еркелеймін, қуанам.
Мейірімді алақаның, шуақ толы жүрегің –
Жерден тапқан жалғыз пана, жалғыз жұмақ, нұр маған.

Данагүл АСЫР
ӘжБЖМ-нің 1-курс студенті

Білікті педагог

«Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы - мұғалім. Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын да ұстаздардыкі», – деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, сол сырлы мамандықты теңдессіз ғажапқа бағалап, оның бүгінгі кейіпкерлерін сөз етудің өзі бір бақыт. Жүрегінде болашақ маман иелеріне деген кіршіксіз мөлдір көңілі мен бойында барша студентті баурап алатын бауырмашылдығы, біліктілігі мен білімділігі өзара үндесіп, білімге жол салған философия және саясаттану факультеті, жалпы және этникалық педагогика кафедрасының аға оқытушысы Құдайбергенова Әлия Мәлікқызының тағылымын айтудың өзі ерекше әсер береді.

Дәріс кезіндегі терең ойы мен кәсіби білімдегі сауаттылығы – болашаққа бет түзеп келе жатқан біз секілді жас магистрлерге үлкен тәрбие. Әлия Мәлікқызы 2002-2004 жылдары аралығында университетіміздің «Педагогика» мамандығы бойынша магистратурада оқып, «Педагогика» магистрі академиялық дәрежесін алған. Ал 2006 жылдан бүгінге дейін жалпы және этникалық педагогика кафедрасында оқытушылық, аға оқытушылық қызметін атқарып келеді.

Ұстаз адам кәсіби мамандығына құштар, оны жан-тәнімен сүйетін, барлық өмірін соған арнауы тиіс. Сонысымен де бұл – әлемдегі ең ұлы мамандық. Олай болса мұғалім еңбегінің сан қырлылығы осыдан өрбиді. Ұстаз адамның өз дәрісін терең менгеруі – оның ең алғашқы қыры, кәсіби шеберлілігін үздіксіз ұштай, шыңдай түсуі – екінші қыры болмақ. Біздің



сүйікті ұстазымыз Әлия Мәлікқызының бойынан да сол байқампаздықты, сол парасаттылықты байқаймыз. Көпке үлгі боларлықтай ұқыптылығы, дәрістегі адалдығы мен студенттерді шынайы бағалауы, біріншіден, ұстаздық қызметіндегі шебер оқытушы екендігін, екіншіден, нәзік психолог екенін көрсетсе керек.

Сүйікті ұстазымыздан алатын тәліміміз мол. Ең бастысы, Әлия Мәлікқызы сауатты да, сапалы маман даярлауда талмай еңбек етіп келеді. Біздің айтарымыз осы саладағы еңбегіңізге жеміс, толайым табыстар тілейміз. Әрқашан ұстаздық қызметте абыройыңыз асқақтап, парасат биігіңіз үстем болсын!

Айдана СЫДЫҚОВА,
ҚазҰУ магистранты

ЖАЙСАНДАРДЫҢ ЖАРЛАРЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында ұлтымыздың ұлы тұлғаларын насихаттау мақсатымен «Бізде қонақта: жайсандардың жарлары» атты кеш өтті. Кешке академик Әлкей Марғұланның қызы – Дәнел Әлкейқызы, Қалижан Бекхожиннің жары – Зайда Бекхожина, Сафуан Шәймерденовтің жары – Бағдат Шәймерденова, Жұбан Молдағалиевтің жары – София Молдағалиева, Жүмекен Нәжімеденовтің жары – Нәсіп Нәжімеден келіні, Тұманбай Молдағалиевтің жары – Күлтай апай, Қабиболла Сыдықов пен Әбжан Құрышжановтың да жарлары қатысты.



Ауған Ислам Республикасынан келген тіл үйренуші тыңдаушы талапкерлер ақындардың жырларын жатқа оқып, жазушылардың шығармаларынан үзінділер келтірді. Ғалымдардың еңбегін еске алды, әсіресе, қаламгерлердің қай кезде және қалай жазғаны, үй ішіндегі ұстаным, үлгілері, дос-жарандары, өскен ортасы, туған топырағы жайында жарларының жарасымды әңгімелері көпшіліктің көңілінен шықты. Кешті ұйымдастырған ұлағатты ұстаз, факультетіміздің доценті, Қазақстан Республикасының білім үздігі, «Жамбыл» сыйлығының лауреаты, «Дарабоз» байқауының жүлдегері Мария Балмұқанқызы Көккөзова алғысөзінде жеңістің 70 жылдығы, Қазақ хандығына 550 жыл, Қазақстан халқы ассамблеясы

жылдығын айта кетті.

ЖОО-ға дейінгі дайындық факультетінің деканы Ж.Е. Жаппасов, кафедра меңгерушісі Н.А. Асанов қонақтарға жылы ықыласын білдірді. Аға оқытушылар: Г.А. Нұржігітова, М.Ж. Әмірова, Р.Т. Наралиева, М.Ш. Тойғанбекова, Б.И. Досанов, А.К. Бегалиева, оқытушы А.Ә. Масимбаева және ҚазҰУ-дың кітапхана қызметкерлері кештің жоғары деңгейде өтуіне ат салысты. Кеш соны ән мен күйге ұласты, биге де кезек берілді.

Ауған Ислам Республикасынан келген тыңдаушылар Фазыл Рахман, Имами Амин, Мухаммад Наим, Ахмад Наджимбулла белсенділік байқатты, сондай-ақ Ауған Ислам Республикасы елшілігінің өкілі Мохаммад Наим Акрами де қатысып, сөз сөйледі. Ардагер аналардың ақ батасын алған жас ұрпақ өкілдері де ұлты мен жұртына қалтықсыз қызмет ететінін тілге тиек етті. Кеш өте әсерлі, қызықты өтті. Ауғанстаннан келген жастар да кештен жақсы әсер алды.

Б. ДОСАНОВ,
А. БЕЙСЕМБАЕВ,
ЖОО-ға дейінгі білім беру кафедрасының аға оқытушылары

СПОРТ

Молодец, Демежан!

Студент 1 курса факультета биологии и биотехнологии КазНУ Д.Сайдағали выиграл серебряную медаль на чемпионате РК по боксу.



Чемпионат по боксу среди молодежи проходил 9-15 февраля в г.Караганда, где приняли участие более 190 спортсменов в 10 весовых категориях с 14 областей республики, городов Астаны и Алматы. Демежан выступал в весовой категории до 64 кг. Победив в полуфинале карагандинца, он уступил лишь в финале Садредину Ахмедову из Астаны.

В свои неполные 18 лет Д.Сайдағали является кандидатом в мастера спорта и призером соревнований по боксу в разных весовых категориях. В прошлом году на чемпионате по боксу среди молодежи в весе до 60 кг он взял бронзовую медаль. Спортсмен родился в г.Алматы и представляет южную столицу на соревнованиях внутри страны. Боксер тренируется под руководством заслуженного тренера РК и доцента кафедры физического воспитания и спорта КазНУ Бахыта Байкулбаева. «Демежан упорно готовится к каждому соревнованию, он постоянно прогрессирует. Так, в прошлом году он являлся бронзовым призером, а в этом — завоевал «серебро». Ждем от него теперь золотую медаль», — сказал тренер.

Поздравляем Демежана Сайдағали и его тренера Бахыта Байкулова с призовым местом и желаем им дальнейших успехов!

Рустем АБРАЕВ

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КЕЗДЕСУ

Жуырда экономика және бизнес жоғары мектебінде қаржы кафедрасының ұйымдастыруымен 2012 жылғы Олимпиада чемпионы, Вэл Баркер кубогының иегері, ЮНЕСКО-ның ерікті елшісі, бокстан әлемнің екі дүркін чемпионы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, «Астана Арланс» клубының бас директоры, әуесқой боксер – Серік Жұманғалиұлы Сапиев, «Астана Арланс» кәсіби боксшылар клубының капитаны Башенов Самат және аталған клуб боксшысы Тоитов Мерболатпен кездесу өтті.

Кездесуді ашқан экономика және бизнес жоғары мектебі деканының оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Лейла Бимендиева қонақтарға үлкен алғыс айтып, жылы лебізін білдірді. Жүзі жарқын, әзілі мен байсалдылығы қатар жарасқан чемпион бұл жолы студенттердің қойған сауалдарына еркін әрі шынайы жауап берді. Жастар оның спорт өміріне қалай келгендігі, спортқа келуіне кім себепкер болғандығы, сәттілікке, жеңіске қалай жеткендігі жайлы өздерін қызықтыратын сұрақтарға жауап алды. Серік 2012 жылы Лондон қаласында Олимпиада чемпионы бола отырып, 2013 жылы осы қаланың Брунель университетіне ҚР Президентінің Халықаралық «Болашақ» стипендиясын иеленіп, өз білімін жалғастырды. Қазіргі таңда



«Қаржы» мамандығының 2-курс магистранты Нұрлан Әбдіқадыров ҚазҰУ жастарының әрдайым спортшылардың рухын көтеріп, мақтан тұтатынын жеткізді. Расында 2012 жылы қазақ халқының атын әлемге шығарып, елдің қанжығасына алтын медаль алып берген қазақтың қарапайым баласы болатын. Еліміздің көк туы көкте желбіргенде, барлығымыздың кеудемізде Отанымызға деген патриоттық сезім ұялаған болатын. Серік Жұманғалиұлының қазақ спортына алып келген жеңісі талай өсіп келе жатқан болашақ чемпиондарға үлгі болды. «Елімнің, халқымның, отбасым мен достарымның маған деген сенімі мен қолдауы жеңіске жетуіме үлкен септігін тигізді», —

азаматтарға қаржы кафедрасының тарапынан университетіміздің логотипі бар сувенирлер тапсырылды. Ал, чемпион студенттерге өз қолтанбасын қалдырып, естелікке суретке түсті.

«Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан тусын», — деп дана халқымыз айтпақшы, қазақтың атын бүкіл әлемге танытып жүрген ер-азаматтарымызды құрметтеп, болашақ ұрпаққа насихаттау арқылы ертеңгі күнге зор сеніммен қарай аламыз.

Д. САДЫХАНОВА,
қаржы кафедрасы меңгерушісінің орынбасары
А. САЛҒАРАЕВА,
3-курс студенті

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

ЖАҚЫНДАРЫҢЫЗҒА ГҮЛ СЫЙЛАҢЫЗ!

Қандай гүл сыйлау керек? 8-наурыз көктем кезі, ендеше дәл осы кезде бұршік ататын гүлдер ең дұрыс шешім. Мысалы: бәйшешек немесе гиацинт, бір жағынан, көктемдік леп берсе, екіншіден, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Ал мимоза болса күзде бұршік ататын, яғни күздік гүл. Сондай-ақ гүл шоқтарын сыйларда әйелдердің жасы, әлеуметтік жағдайы міндетті түрде ескерілуі керек деген пікір бар.

Енді гүл сыйлау ерекшелігіне тоқталатын болсақ, кез келген гүлді сыйға тартқанда, оның түсіне, сабағының ұзындығына, пішініне қарау керек. Ақ түсті гүл адамның көңіл-күйін көтереді, сары түсті гүл — жылу мен жарықтың белгісі, ал күлгін түс — кеңді пен сенімділікті, қызыл гүл мерекелік көңіл-күйді сипаттайды.

Соңғы кезде гүл сататын сөрелерден көк түсті раушандар мен қызғалдақтарды кездестіруге болады. Бұл түс біреуді таң қалдыруы мүмкін, ал біреуге ұнамауы мүмкін. Негізінен бұл гүлдер химиялық жолмен көк түске боялады, сондықтан олар қолыңызды, киіміңізді бүлдіруі мүмкін.

Біздің елде, негізінен, ашық қызғылт раушанды тек ең жақын адамдарына, яғни қалыңдығына, анасына, әкесіне,

апа-қарындастарына сыйлайды. Өйткені, қызыл түс сүйіспеншіліктің белгісі болып саналады.

Мереке кезінде сүйікті ұстазыңызға немесе жақыныңызға сары түсті раушан немесе нәркестің бір шоғырын «Жан-жағыңызға нұр шашып, үнемі жарқыраған күндей, жалтылдаған алтындай болып күлімдеп жүре беріңіз!» деген мағынада тілек айтып сыйлайтын болсаңыз, ол үшін сізден артық адам болмайды. Лимонның түсінен ақшылдау немесе күрең келген раушан гүлдерін отыздан асқан әйелдерге сыйлаған жарасымды болады.

Сүйген қызыңызға — гүлі әлі толық ашылмаған, жұпар иісі бар, сары немесе күлгін түсті раушан, меруертгүл, ақ түсті бақытгүлін сыйлаған дұрыс.

Тағы бір ескертетін жайт кішкене болса да, есте қалар сыйлық алуыңызға болады. Өйткені гүліңіз бірнеше күннен кейін солып қалады, ал сыйлық сіз туралы өмір бойы естелік болып қалуы мүмкін.

Бүгінде көбісі гүлдің түрі мен түсіне және беретін мағынасына көп мән бере бермейді. Бастысы, шын көңілмен сыйланса, болғаны. Гүл шоғырының ішіне жылы лебіз жазылған әдемі хат салып жіберуіңізге болады Сыйлықты да дұрыстап тандаңыз.

Бәтінш ОМАРОВА,
Лариса МУХАМАДИЕВА,
баспа ісі және дизайн кафедрасы



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында
Тел.: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №202

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.